

ЕЛІМІЗДЕ ЕҢ СОҢҒЫ ҮЛГІДЕ ЖАБДЫҚТАЛҒАН РЕСТАВРАЦИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНА ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Ардақ Каипжанова,
Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік
архивінің архивтік жұмыс
қызметінің басшысы,
бас қор сақтаушысы




Архивтік құжаттарды физикалық-химиялық және техникалық өңдеу яғни құжаттардың тез ескіру және бүліну себептерін жою, олардың қасиетін, техникалық сипаттамасы мен ұзақ сақталуын қайта қалпына келтіру және құжаттық ақпаратты неғұрлым төзімді жеткізгіштерде шығару архив қызметінің негізгі жұмыстарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы №953 қаулысымен бекітілген «Архив-2025» мемлекеттік бағдарламасы негізінде 2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласының әкімінің қолдауымен және архив директоры М.Е. Бектембаевтың бастамасымен елімізде ең соңғы үлгіде жабдықталған реставрациялық зертхана құрғылысы іске қосылды.

Бұл соңғы үлгідегі италияндық реставрациялық «VELoX.Y.500» зертхана (*бұдан әрі* – Құрылғы) архивтегі құжаттық ақпараттың ұзақ сақталуына және қайта қалпына келуіне зор ықпалын тигізетін құрылғы болып табылады.

Қазіргі таңда Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві мемлекеттік мекемесінің (*бұдан әрі* – Архив) реставрациялық зертханада арнайы мамандардың көмегімен архив жұмысы қызметіне қарасты қызметкерлер құжаттық ақпараттарды қайта қалпына келтіріп, оларды неғұрлым төзімді жеткізгіштерде шығару мақсатында жұмыстарды меңгеруде.

Құрылғы арнайы құжат реставрациясына арналған құрал жабдықтармен жабдықталған. Жабдықтар реставрациясының дұрыс әрі ережеге сай



1-Фотосурет

орындалуына мүмкіндік береді. Зертханада құжаттармен жұмыс дезинсекциялық жабдықпен өңдеуден басталады.

Атап айтсақ, соңғы реставрациялық үрдіс бойынша дезинсекцияны инертті газ көмегімен атқарады (бұрындары формалин, тимол тағы басқадай антибактериалды заттарды пайдаланған). Үтікшенің көмегімен полиэтиленді ауа шығармайтын жастықша жасалып, оның ішіне дезинсекциядан өтетін құжаттар орналастырылады. Реставрациялық зертхана мамандары бүлінген құжаттарды бірден қалпына келтіруге кірісіп кетпей, қағаз бетіндегі адамға зиян әкелетін түрлі бактерияларды (зеңденген, саңырауқұлақтар) дезинсекциядан 3-4 апта көлемінде бақыланады (1-Фотосурет).

Өңдеуден өткен құжаттар парақтап шаңнан тазарту машинасында тазаланады. Бұл құрылғы арнайы сору күшін азайтып-көбейтіп отыруға мүмкіндік беретін шаңсорғышпен жабдықталған. Аталмыш құрал өте маңызды, әсіресе тозығы жеткен құжаттарға пайдасы мол. Шаң сору барысында абай болған жөн, себебі қатты соратын шаңсорғыш құжаттардың кейбір бөлігі мен парағын толықтай сорып әкетуі мүмкін (2-Фотосурет).




2-Фотосурет

Шаңнан тазартылған құжат мұқият визуалды тексеруден өтеді, егер үлкейткіш әйнек арқылы саңырауқұлақтар колониясы немесе іздері байқалса, колония орналасқан аймақ құрғақтай тазаланып, биоцидпен қосымша өңделеді. Толықтай тазартылған құжат реставрацияға жіберіледі (3-Фотосурет).

3-Фотосурет



4-Фотосурет





Бірінші кезекте реставратордың үстеліне назар аударған жөн. Үстел Ресей Федерациясында арнайы жабдық жасаумен айналысатын «VIKING» фирмасында арнайы антистатикалық материалдардан жасалған. Ондағы сөрелерінің биіктігі жұмыстың ыңғайына қарай автоматты түрде жылжымалы етіліп құрастырылған. Тағы бір маңызды ерекшелігі — екі жерден жарық орнатылған. Бұл майда жұмыстар барысында өте ыңғайлы. Аталған үстелде құжат парақтарын ылғалды жолмен түзету, папкаларды сөту, скотчтан тазарту және т.б. жұмыстар атқарылады (4-Фотосурет).

Реставрация барысында зиянды химиялық заттармен жұмыс істейтін кездер де болады. Олардан ұшқан будың өзі адам денсаулығына өте қауіпті. Сол себепті, зертхананы жабдықтау барысында адам денсаулығына зиян келтірмеу жағы да ойластырылған. Осындай құрылғылар қатарына Германияда жасалған «ACD-200» жылжымалы сорғыш (вытяжка) құрылғысын жатқызуға болады. Бұл құрылғы жылжымалы болғандықтан, кез-келген жерге орын ауыстыруға болады. Сонымен қатар, зиянды сұйықтықтармен жұмыс барысында бөлінген буларды сорып, фильтр арқылы ауаны тазартып отыруға мүмкіндік береді (5-Фотосурет).

Реставрацияға түскен құжаттардың арасында жыртық құжаттар да кездеседі. Кейбір құжаттың тіпті бір бөлігі жоқ болуы да мүмкін. Осындай жағдайда құжаттың жетіспейтін бөлігін өсіру қажет болады. Осыған орай жауапты және өте маңызды істі атқаруға біздің зертханамыз арнайы астынан жарық беретін үстелімен жабдықталған. Бұл құрылғының бетіне арнайы күнгірт әйнек орнатылған. Астынан екі түрлі жарық беріледі: сарғыш және көкшіл. Материалдың қалыңдығы мен адамның көзінің сезімталдығына байланысты жарық беру қарқынын реттеуге болады.

Бұл процесс барысында арнайы табиғи материалдан жасалған жапон қағазы және табиғи желім қолданылады. Табиғи желімді зертхана қызметкерлерінің өздері арнайы желім қайнатқыш құрылғы көмегімен дайын-

5-Фотосурет





6-Фотосурет



дайды. Құжаттың қағаз негізін нығайту бүкіл әлемге аты әйгілі Германиялық консервация және реставрацияға арналған құрылғылар мен материалдар шығаратын «NESCEN» (Нешен) фирмасының екі жақты ламинаторы арқылы іске асырылады. Ол арнайы термоактивті желім жабысытырылған 9 граммдық жапон қағазын құжаттың екі бетіне жабыстыру арқылы жүзеге асырылады (6-Фотосурет).

Жұмыс барысында қыздыру пайдаланылатыны болмаса бұл процесс құжатқа еш зиянын тигізбейді. Терможелім реставрацияның қайтарымдылық принципіне сәйкес, судың көмегімен қайта алып тастауға мүмкіндік береді (7-Фотосурет).

Архивтегі өңір тарихын сақтауда реставрациялық зертхана құрылғысының маңызы өте зор. Сондықтан тарихи құжаттарды болашаққа таныстыру үшін құжаттардағы маңызды ақпараттардың бүлінуін тежеп, жойылып кетпеуін тежеу Архив мамандары үшін маңызды жұмысы болып табылады. Өйткені осы күнге дейін ғасырлық тарихы бар құжаттарға бірде-бір рет реставрация жасалмаған.

Айта кететін жәйт, архивистердің өзекті тағы бір мәселесі — құрылғының тілін білетін мамандардың жетіспеушілігі. Елімізде бірде-бір жоғарғы оқу орыны реставрация жұмысын жүргізетін мамандар даярламайды, соның салдарынан мамандар тапшылығы қол байлау болып отыр. Қандай жағдай болса да, қолымызда бар дүниені білікті мамандар арқылы игілігімізге жаратудамыз. Архив басшысы болашақта өзіміздегі мамандарымызды шет елге оқытуға жіберуді қолға алуда.

Бұл Архив үшін қуанарлық жағдай, өйткені Қазақстан бойынша осындай құрал-жабдыққа ие болып отырған ең алғашқы архив мекемесі болып табылады. Қазақстанның барлық архивтері болашақта осындай құрылғыға қол жеткізеді деген ойдамын.

7-Фотосурет



Реставрациялық зертхана